



БІЛІМ КІЛТІ - КЛЮЧ ЗНАНИЙ

№ 8 (158), 2021

Тамыз
Август

2011 жылдан бастап ай сайын шығады — С 2011 года выходит ежемесячно

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.
Журнал издается с января-февраля 2006 года на казахском и русском языках

**(Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал
Республиканский научно-методический педагогический журнал)**

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

К. Избасарова

Основы развития логического мышления младших школьников 3

Т. Швайдюк

Оптимальные формы методик контроля и оценки ЗУН учащихся по математике..... 6

О. Мұсабеков

Математикадағы санның пайызын және пайызы бойынша санды табудың физика есептерінде қолданылуы..... 8

Д. Әділбаева

Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік-тілдік құзіреттілігін дамыту жолдары..... 10

Ж. Укиева

Интерактивті әдістерді қолдану арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру 13

Н. Каримова

Оқушылардың зейінін дамыту мәселесі..... 15

З. Жұмағалиева

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны кәсіптік білім беруде қолдану 19

М. Джанкулова

Бастауыш сыныптарда оқушылардың мәнерлеп оқу дағдысын қалыптастыру..... 23

Ұ. Бердібек

Оқу процесінде инновациялық технологияларды тиімді пайдалану..... 25

Ж. Ақылова

Педагогикалық кәсіби мәдениет – өркениетке қадам ретінде 28

Н.Омельченко

Знаете ли вы Государственную символику?..... 32

Г. Сисенова

Сүйіспеншілік жолындағы өмір 35

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

**БІЛІМ КІЛТІ -
КЛЮЧ ЗНАНИЙ**
журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінде қайта тіркеліп, №10965-Ж куәлігі берілді.

Басуға қол қойылды
03.08.2021 ж.
Офсеттік басылым.
Таралымы: 1000.
Тапсырысы: 322.
Басылым индексі: 75488

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл пошта:
pedagog-ltd@mail.ru

Журнал «Rado Print»
баспаханасында басылды.
Алматы қ., Мыңбаев көш., 46,
кеңсе 411А

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

Н. Омашев — ҚР Жоғары мектеп ғылым академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

С. Аманжолов — педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, А.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің педагогика факультетінің деканы.

Ә. Дүйсебек — Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясының вице-президенті.

А. Миразова — ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек ері.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде сақтаңыз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс арқылы, бағалы хат арқылы редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

Учредитель:

ООО «Педагог LTD»

Главный редактор: Г. КУСТАНОВА
Журнал перерегистрирован в Министерстве
связи и информации РК. Свидетельство
№10965-Ж от 20.05.2010 г. Астана.

Подписано в печать 10.08.2020 г.

Печать офсетная.

Тираж 1000 экз.

Заказ 322.

Подписной индекс: 75488

Адрес редакции:

050036, г. Алматы,

Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;

сот.т.: 8 777 1949458,

8 777 3033767

Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал напечатан в типографии

«Rado Print».

Адрес: г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.





Основы развития логического мышления младших школьников



**Карлыгаш
Мейрамбаевна
ИЗБАСАРОВА,**
учитель начальных
классов
Интеллектуальной
школы «Zerdesh».
Бостандыкский
район,
г. Алматы.

Являясь обобщенным отражением действительности, мышление осуществляется посредством языка, слова. И связь мышления с языком сохраняется в любом случае — выражает ли человек свои мысли вслух или думает молча (про себя). В обоих случаях наблюдается действие одних и тех же нервных механизмов, использование одних и тех же речевых сигналов. Мышление в отличие от восприятия выходит за пределы чувственно данного, расширяет границы познания. В мышлении на основе сенсорной информации делаются определенные теоретические и практические выводы.

На практике мышление как отдельный психический процесс не существует, оно незримо присутствует во всех других познавательных процессах: в восприятии, внимании, воображении, памяти, речи. Высшие формы этих процессов обязательно связаны с мышлением. Немов выделяет следующие виды мышления: теоретическое

(которое делится на теоретическое понятийное и теоретическое образное) и практическое (делится на наглядно-образное и наглядно-действенное). Теоретическое понятийное мышление — это такое мышление, пользуясь которым человек в процессе решения задачи обращается к понятиям, выполняет действия в уме, непосредственно не имея дела с опытом, получаемым при помощи органов чувств. Он обсуждает и ищет решение задачи с начала и до конца в уме, пользуясь готовыми знаниями, полученными другими людьми, выраженными в понятийной форме, суждениях, умозаклчениях. Теоретическое понятийное мышление характерно для научных теоретических исследований.

Теоретическое образное мышление отличается от понятийного тем, что материалом, который здесь использует человек для решения задачи, являются не понятия, суждения или умозаклчения, а образы. Они или непосредственно извлекаются из памяти, или творчески воссоздаются воображением. Таким мышлением пользуются работники литературы, искусства, вообще люди творческого труда, имеющие дело с образами.

Оба рассмотренных вида мышления — теоретическое понятийное и теоретическое образное — в действительности, как правило, сосуществуют. Они



неплохо дополняют друг друга, раскрывают человеку разные, но взаимосвязанные стороны бытия. Теоретическое понятийное мышление дает хотя и абстрактное, но вместе с тем наиболее точное, обобщенное отражение действительности. Теоретическое образное мышление позволяет получить конкретное субъективное ее восприятие, которое не менее реально, чем объективно-понятийное. Без того или другого вида мышления наше восприятие действительности не было бы столь глубоким и разносторонним, точным и богатым разнообразными оттенками, каким оно является на деле.

Последний из рассматриваемых видов мышления — это наглядно-действенное. Его особенность заключается в том, что сам процесс мышления представляет собой практическую преобразовательную деятельность, осуществляемую человеком с реальными предметами. Основным условием решения задачи в данном случае являются правильные действия с соответствующими предметами. Этот вид мышления широко представлен у людей, занятых реальным производственным трудом, результатом которого является создание какого-либо конкретного материального продукта

В ходе школьного обучения познавательное развитие качественно изменяется, а все сферы развития ребенка перестраиваются. Начинается данная перестройка с интенсивного развития интеллектуальной сферы. Основным направлением развития мышления в младшем школьном возрасте являет-

ся переход от конкретно-образного к словесно-логическому и рассуждающему мышлению. Согласно положениям Л.С. Выготского о системном характере развития высших психических функций человека, в младшем школьном возрасте «системообразующей» функцией является именно мышление, что сказывается на других психических функциях, которые осознаются, интеллектуализируются и становятся произвольными. Особенности мыслительной деятельности младших школьников в первые два года обучения во многом сходны с особенностями мышления дошкольников. У младших школьников ярко выражен конкретно-образный характер мышления. Так, при решении мыслительных задач они опираются на реальные предметы или их изображение, а выводы и обобщения делаются на основе определенных фактов. Эти особенности проявляются и при усвоении учебного материала. Однако процесс обучения стимулирует быстрое развитие абстрактного мышления, особенно на уроках математики, где от действия с конкретными предметами ученики переходят к умственным операциям с числом.

Мышление, таким образом, существует в материальной, словесной оболочке. Органическая связь мышления с языком отчетливо обнаруживает социальную, общественно-историческую сущность человеческого мышления. Исследования показали, что мышление в своем развитии действительно проходит несколько ступеней, прояв-



ляясь на каждой из них в различной форме. Таковыми признаются следующие основные виды мышления:

- 1) практическое;
- 2) наглядное, образное;
- 3) вербальное логическое.

Итак, вербальное логическое мышление является высшей ступенью развития мышления. Процесс логического мышления — это, прежде всего, операции анализа и синтеза.

Что же касается форм логического мышления, то к ним можно отнести понятия, суждения и умозаключения. Существует два типа умозаключений: индуктивное и дедуктивное. В индуктивном умозаключении вывод делается посредством обобщения многих частных случаев. Такое обобщение имеет правдоподобный, но вероятностный характер, и нуждается в дальнейшей проверке. Дедуктивное умозаключение делается на основе уже известных, общих истин (законов).

Постепенное формирование внутреннего плана действий приводит к существенным изменениям во всех интеллектуальных процессах младших школьников. Вначале они склонны делать обобщения по внешним и, как правило, несущественным признакам. Однако в ходе обучения педагог фиксирует внимание учащихся на связях и отношениях, на том, что непосредственно не воспринимается, поэтому школьники переходят на более высокий уровень обобщений и оказываются способными усваивать научные понятия, не опираясь при этом на наглядный материал.

Чтобы усвоение математических понятий младшими школьниками с самого начала школьного обучения шло нормально, следует чаще предлагать учащимся решать разнообразные практические задачи с использованием соответствующих знаний и понятий. Главными из них для углубленного понимания математики как науки являются понятия меры, числа, множества, величины, операции. Мера — это то, что позволяет производить количественные сравнения величин. Понятие величины усваивается обычно в результате сравнения между собой мер предметов и параметров наблюдаемых явлений. Множество является количественной характеристикой неопределенной совокупности предметов. Число представляет собой количественное выражение определенной величины предметов. Основные математические операции являются элементарными действиями с множествами и, в конечном счете, сводимы к сложению (соединению) и вычитанию (разъединению) множеств.

В процессе овладения понятиями развиваются все мыслительные операции: анализ — от практически действенного, чувственного к умственному, от элементарного к углубленному; синтез — от практически действенного к чувственному, от элементарного к широкому и сложному. Сравнение также имеет свои особенности. Вначале в сравнении учащиеся легко выделяют различия и труднее — сходство. Далее постепенно выделяется и сравнивается сходство, причем вначале яркие, броские признаки, в том числе и существенные.



На базе развития мыслительных операций развиваются и формы мышления. Вначале учащиеся, решая какие-либо задачи или анализируя отдельные случаи, не поднимаются на пути индукции до обобщений, и система отвлеченных умозаключений им еще не дается. Дедуктивное умозаключение дается младшим школьникам труднее, чем индуктивное. Выделяются несколько этапов в развитии умения делать дедуктивный вывод. Вначале частное связывается с общим, не отражающим существенных связей. Далее, усвоив общие выводы, младшие школьники объясняют на их основе частные случаи, непосредственно ими наблюдаемые. И наконец, усвоив вывод, дети могут объяснить самые разные факты, в том числе и те, которые в их опыте ранее не встречались. Таким образом, можно отметить, что вербальное логическое мышление является высшей степенью развития мышления.

Под вербальным логическим (словесно-логическим) мышлением следует понимать высший вид мышления человека, имеющий дело с понятиями об объектах и явлениях, а не с самими этими объектами, явлениями или образами. Словесно-логическое мышление полностью протекает во внутреннем, умственном плане. Именно словесно-логическое мышление становится в центр развития в младшем школьном возрасте. Благодаря переходу мышления на новую, более высокую, ступень развития, происходит перестройка и всех остальных психических процессов у младших школьников, память становится мыслящей, а восприятие думающим. Переход процессов мышления на новую ступень, и связанная с этим перестройка всех остальных процессов, и составляют основное содержание умственного развития в младшем школьном возрасте.

Оптимальные формы методик контроля и оценки ЗУН учащихся по математике

В современной дидактической литературе вопросам контроля и оценки ЗУН учащихся уделяется достаточно много внимания. Причем необходимо отметить широкий разброс по данной теме и отсутствие единой точки зрения в определении целей, функций, принципов, типов, методов и средств осуществления контроля. Однако основная точка

зрения ясно просматривается и она заключается в том, что ведущими функциями контроля называются **контролирующая и диагностическая**. В то же самое время наши эмпирические данные приводят к заключению, что контроль должен быть направлен, прежде всего, на обучение и развитие учащихся, на привитие им умения учиться, на воспитание активной,



компетентностной личности. **Следовательно**, ведущими функциями контроля должны быть прогностическая, развивающая и воспитывающая. В своей практике я убедилась в том, что применяемые мной методики являются как раз той формулой реализации системного подхода в решении проблемы контроля и оценки ЗУН учащихся.

Обратная методика Ривина.

Учащемуся предлагается план ранее изученного материала. В его задание входит — восстановление всей ранее изученной темы

Подобное задание получают сразу несколько учащихся — по разным темам. Этот вариант используется в основном при повторении или тренировке. Работать можно как в парах сменного состава (как по методике Ривина, поэтапно, по ступенькам), так и индивидуально.

Методика доводящих карточек.

Методика предназначена для работы с понятиями. Законами, определениями и т.д. Доводящая карточка. Система, перечень поступенчатых заданий, вопросов приводящих к пониманию определения, понятия, формулы. Вопросы предлагаются «не лобовые», а на уровне эмпирического материала. Это очень важно — при составлении карточки держаться на эмпирическом уровне. Не давать одно определение через другое.

Взаимные диктанты.

Для запуска этой методики учитель составляет 50-60 карточек с диктантами, содержащими изучаемый материал.

Диктант имеет объем в 3-4 раза меньший, чем обычно. Каждый учащийся получает одну карточку, то есть один диктант. Читает и разбирает его самостоятельно, консультируется у учителя. Закончив подготовку, ищет в классе партнера и приступает к работе в паре. Диктует ему задание, затем проверяет записанный диктант, учащиеся вместе разбирают ошибки, исправляют их. Затем аналогично работают по второй карточке. Затем происходит обмен карточками и каждый из учащихся ищет нового партнера. Остановить работу класса можно в любое время, как и запустить ее снова. Учет и контроль ведется в форме прямоугольной таблицы.

Методика вопросников В.Ф. Шаталова.

Методика применяется для закрепления или повторения большого блока информации. По данному блоку учитель готовит 30-50 вопросов, записывает их на отдельный лист, каждый учащийся получает отдельный вопросник. Далее учитель дает устно в виде лекции подробные ответы на все вопросы. Учащимся на дом дается задание: подготовиться к ответу по любым 1-2-3... вопросам.

Необходимо только проследить, чтобы все вопросы были заняты. На следующем уроке учитель приглашает к себе одного учащегося и опрашивает его по одному или нескольким вопросам. При отличном ответе этот учащийся становится «контроллером» по данному вопросу, а учитель приглашает следующего учащегося по другому вопросу — ра-



бота продолжается до полного ответа учащихся по всем вопросам.

Мурманская методика.

Представляет собой тренировочную методику и используется для подготовки класса к изучению новой сложной темы, отработки важных понятий, определений, формул и т.д., вводимых в классе. Во второй части карточки — задания, требующие осмысления, изучения первой части, но не всей, а только некоторых вопросов. Работа по карточке идет в парах сменного состава пока все учащиеся не изучат все карточки.

Вертушка.

По какой-либо сложной теме учитель составляет перечень мелких подвопросов. Количество подвопросов равно ко-

личеству детей в классе. Каждый учащийся получает один вопрос с конкретным заданием: «Изучи ответ на данный вопрос каждого ученика в классе (или пока он не станет тебе совершенно ясен), то есть возьми интервью у одноклассников по данному вопросу и сведи воедино все ответы». После окончания работы каждый учащийся выступает с ответом перед классом, при этом должна соблюдаться логическая последовательность изложения ответов. Каждый учащийся может получить не один, а 2-3-4... вопроса, это зависит от объема темы и целей, которые преследует учитель.

Т.Н. ШВАЙДЮК,
учитель математики СШ №43
г. Нур-Султан.



Жаңғыру жолындағы жас маман рөлі

5-6 сыныптарда математиканы оқығанда пайыз қандай да болсын санның жүзден бір үлесі, % белгісімен таңбаланады деп айтылады. Пайызды бөлшекке айналдыру үшін «%» таңбасын алып тастап санды 100-ге бөлу керек делінеді. Пайыздарды іс жүзінде қолдану өте ыңғайлы, өйткені олар бүтін сандардың бөліктерін бірдей жүзден бір бөлікте білдіреді. Бұл есептеулерді жеңілдетуге және бөліктерді бір-бірі-

мен және бүтіндерімен оңай салыстыруға мүмкіндік береді.

«Санның пайызын және пайызы бойынша санды табу» тақырыбы бойынша 5 сыныпқа арналған сабақ жоспарында математика мұғалімі сабақтың мақсаты — оқушылардың берілген санның пайызын табу, пайызы бойынша санды табу алгоритмін білу деп жазады [1]. Білімді игерудің негізгі көрсеткіші білім емес, осы білімді қолдану іскер-



лігі. Берілген санның пайызын табу, пайызы бойынша санды табу алгоритмін күнделікті өмірмен байланысты мәтінді есептерді шығаруда қолдана алуы дегені сол мұғалімнің іскерлікті оқушыларға игертудің басты мақсаты екендігін білдіреді. Сабақ жоспарының пәнаралық байланыс бөлімінде мұғалім жоғары сыныптарда оқушылар алған білімдерін химияда заттардың концентрациясына берілген есептер шешуде, физикада пайдалы әсер коэффициентін табуға және басқа да көптеген салаларда қолданатындығын айтады.

Бір пәннен (мысалы, математикадан) алған білімдерді екінші пәндерге (мысалы, физикаға) қолдануға әдістемелік (педагогикалық) ғылымдар бірқатар талаптар қояды [2, 115-118 б.]. Сондай талаптарға пайыз ұғымы тұрғысынан мыналар жатады: математикадағы пайыз ұғымын физикада одан әрі дамытуда сабақтастық пен үзіліссіздікті қамтамасыз ету. Мысалы, математикада N санының P пайызы былай табылады:

$$N \cdot P : 100, \quad (1)$$

мұндағы P - % белгісінің алдындағы сан.

Физикада жылу машинасының Q_1 - қыздырғыштан алған жылу мөлшерінің пайызы ретіндегі істеген A жұмысы (Q_1 шамасының A пайызы)

$$Q_1 \cdot A : 100 \quad (2)$$

формуласы арқылы есептеледі. Мұндағы, Q_1 - қыздырғыштан алынған жылу

мөлшері. (2)-ні (1) мен салыстырса, онда A - % белгісінің алдындағы сан Q_1 - қыздырғыштан алынған жылу мөлшерінің пайызы, ал (2) өрнектің өзі Q_1 - мен бірдей бірліктегі (мысалы, джоульмен - Дж) A - жұмысты береді. Мұнда A жұмыс Q_1 жылу мөлшерінің бір бөлігі. Себебі $Q_1 = A + Q_2$, мұндағы Q_2 жылу мөлшері Q_1 - дің суытқышқа берілген екінші бөлігі. Сондықтан математикада (1) өрнектегі пайызбен алынған Y 100%-тен кіші де, үлкен де болуы мүмкін, бірақ (2) өрнектегі A жұмыс Q_1 - ден артпайды (егер газ қыздырғыштан Q_1 жылу мөлшерін алып көлемін арттырып жұмыс істесе).

Идеал жылу машинасының пайдалы әсер коэффициенті (ПӘК) өрнегінен қыздырғыштың температурасы T_1 мен суытқыш температурасы T_2 - нің айырымын - ΔT - ны T_1 - шамасының пайызы ретінде жазсақ, онда ол (1) өрнекке сәйкес былай жазылады:

$$T_1 \cdot \Delta T : 100, \quad (3)$$

мұндағы T_1 және ΔT оң шамалар, ΔT - % белгісінің алдындағы сан, әрі $T_1 = T_2 + \Delta T$ және T_1 мен T_2 A мен Q_1 сияқты процестің емес, күйдің функциясы. (3) өрнектегі ΔT әрқашан T_1 - ден кем болады.

Математикада санның P пайызы n екенін біле отырып, санның өзін былай анықтайды (пайызы бойынша санды табу; P - % белгісі қойылмаған пайыз):

$$n \cdot 100 : P. \quad (4)$$

Онда (2) және (3) өрнектердегі Q_1 және T_1 үшін n сол өрнектердің мән-



дері, ал Р олардағы А-ның немесе ΔТ-ның % белгісі алдындағы мәндері.

Салыстырмалы ылғалдылықты анықтау да пайызбен байланысты былай табылады:

$$\rho_{\text{қан}} \cdot \rho : 100,$$

мұндағы $\rho_{\text{қан}}$ - ауадағы қаныққан су буының тығыздығы, ρ - ауадағы су буының тығыздығы.

Физикалық шаманың салыстырмалы қателігі де пайызбен байланысты былай табылады:

$$x_{\text{ор}} \cdot \Delta x : 100,$$

мұндағы $x_{\text{ор}}$ -шаманың орта мәні, Δx -абсолют қателік.

Сонымен математикадағы санның пайызын және пайызы бойынша санды табуды физикаға қолданғанда, сан қандай да бір физикалық шаманың мәні және ол шама белгілі бір заңға бағынатыны ескерілуі керек. Мысалы, ПЭК-тің мәні 1-ден немесе 100%-дан аспайды.

Ақпарат көздері:

1. https://ust.kz/word/sannyng_paiyzyn_jane_paizy_boiynsa_sandy_taby-86693.html
2. Усова А.В. Формирование у школьников научных понятий в процессе обучения. —М.: Педагогика, 1986. — 176 с.

Ондасын МҰСАБЕКОВ,
Алматы технологиялық университетінің
жоғары математика және физика
кафедрасының профессоры
Алматы қаласы.



Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік-тілдік құзіреттілігін дамыту жолдары

Мектеп алды тобының балаларының мінезі мен ерекшеліктерін, мектепке дайындығын, денсаулығы мен даярлық сапасының бағалау өлшемін нақты білетін мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі әрі психолог, әрі медицинадан хабары бар, әрі әртістік шеберлігі бар, дамыған тәрбиеші болуы керек.

Бала тәрбиесі отбасынан бастау алады десек те, ғылымға негізделген әдіс-тәсілмен берілетін тәлім-тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып мектепте, мектепалды даярлықта жан-жақты педагогикалық өрісін табады.

Әсіресе, балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп,



оған өмір бойы кетпестей із қалдырады. Біздің қоғамымызда мектепалды даярлықтың тәрбиелік, дүниетанымдық орны жоғары бағаланады. Мектепке даярлық тәрбие мен білім берудің алғашқы сатысы. Баланың тұңғыш рет мектеп табалдырығын аттап, білім алуға ден қоюы — оның өміріндегі дамуының негізгі кезеңі. Осы кезеңнен бастап баланың мінезі, жеке ерекшеліктері қалыптаса бастайды. Мектепалды даярлықтың ең аумақты бөлімі — баланың тілін дамыту, коммуникативтік тілдік құзіреттілігін, ой-өрісін кеңейту болып табылады. Осылардың нәтижесінде бала басқалармен сөздік қарым-қатынас жасайды. Көрген-білгенін басқаларға әңгімелейді. Бала тілінің даму сатысы түсінікті болуы үшін бала тілінің шығу кезеңінен бастайын:

1 жаста бала дыбыстарды айта бастайды;

2 жаста буындап сөйлеуді үйренеді;

3-4 жаста сөздік қорларында 1000-ға жуық сөз болады. Бұл кезде бала «анау не? мынау не?» деген сұрақтарды көп қояды. Айналасындағы заттарды тану кезеңі басталады. 3-4 жастағы бала жан жағындағы ақпаратты үздіксіз қабылдайды, оны саралап жатпайды. Сөздердің жақсы, жаман мағынасын түсінбейді, сол күйінде қабылдап, қайталап айтады. Көбінесе, осы жастағы балалар жаман сөздерді айтуға бейім келеді. Сөз мағынасын түсінбегендіктен ойланп жатпайды.

5-6 жастағы баланың сөздік қорында 3000-3500 сөз болады. Бұл жаста дұрыс дамыған бала «Не?» деген сұрақты қоймайды. «Неге?», «Не үшін?», «Қалай?», «Қандай?» Мысалы: «Жел қалай тұрады?», «Бұлт неге төмен түспейді?», «Жұлдыздар неге жарқырайды?» т.с.с. сұрақтарды көп қояды. Бұл жастағы балалар өте тез даму үстінде болады. Ересек адамдардың 6 жылда қабылдайтын ақпаратын 6 айда қабылдай алады.

Олардың миларын бос кеңістік деп елестетуге болады. 5-6 жастағы балалардың сөздік қорлары көп болғанымен байланыстырып сөйлей алмайды. Сөзді нақты, қысқа қайырады. Жақсы, жаман сөздерді ажыратады. Мектепалды даярлықта «қатынас» білім беру саласының «тіл дамыту» бөлімі бойынша, баланың тілін дамытуды негізге ала отырып, жан-жақты білім беру оқу іс-әрекетінің барлық түрінде жүзеге асады. Балалардың тілін дамыту бойынша оқытудың негізгі түрі арнайы ұйымдастырылған іс-әрекет болып табылады. Оқу іс-әрекетінің құрылымы тілдік жұмыстардың түрлі білімдерінің өзара байланысымен анықталады. Сөздікті молайту және жандандыру. Тілдің грамматикалық құрылымын қалыптастыру, тілдің дыбыстық мәдениетін тәрбиелеу. Мектепке дейінгі балалардың тілін дамытудың негізгі міндеті: монологты, байланыстырып сөйлеуді дамыту болып табылады. Тілдің дыбыстық мәдениетін тәрбиелеу, дыбысты дұ-



рыс айтуды, қалыптастыру процесінде есту мен фонематикалық қабылдау, тіл ақпаратының моторикасы, яғни сөйлеу мүшелерінің қозғалмалылығы ерекше маңызды. Есту тілді қалыптастырудың міндетті шарты болып табылады. Фонематикалық қабылдау — бұл фонемаларды «тіл дыбыстарын» ажырату бойынша арнайы ойлау әрекеттері. Фонематикалық қабылдау 2 компоненттен тұрады: ести білу, айтылуы ұқсас дыбыстарды ажырату. Қарапайым дыбыстық талдау жасау, буындық талдау жасау.

Тілдік дамудың келесі сатысы:

- Сөздерді дұрыс айту;
 - Сөйлем құрай білу;
 - Сөйлемде зат есім мен сын есімді үйлестіру;
 - Етістіктің күрделі түрі;
 - Зат есімдерді септеуге, салыстырмалы түрде сөйлеуге үйрету;
 - Пікір алмасу;
 - Мазмұнды суреттерді әңгімелеу;
 - Диалогты сөйлесу;
 - Арнайы жоспарланған әңгіме;
 - Кейіпкерлерге мінездеме беру.
- Ертегілерді сахналау.

Тілді дамытудағы осы әдіс-тәсілдің барлығын әр сабақта тәрбиеші дидактикалық ойын, дамыту ойыны, қимылды ойын, сюжетті-рөлдік ойын түрінде пайдалануға әбден болады.

Ойын технологиясы бойынша әр түрлі түрткінің тәсілдерін қолдану

баланың коммуникативтік тілдік құзіреттілігін дамытуда, баланың өзін-өзі дамытуда ерекше орын алады. Оқу үрдісінде ойын түрлерін пайдалана отырып, баланың жас ерекшелігіне сәйкестеп оқыту әдісінің кез келген сәтінде, жаңа тақырыпты түсіндіру сәтінде, өтілген материалды қайталағанда, білімді тиянақтау және тексеру кезінде тіл дамыту құралы ретінде пайдалану.

Көбінесе, жаңылтпаш, жұмбақ жасыруды қолданған жөн. Балаларға ой тастап, өздері осындай жұмбақ құрастырып айтуын ұйымдастырамын. Жұмбақты балалар қуана отырып құрастырады. Осы жұмбақтардан сіздерге жасырып көрейін.

Жұмбақ:

Азанда қорқады,

Түнде қорықпайды.

Бұл жұмбақты шешкеннен кейін, екінші бала осыған ұқсатып:

Түсте қорқады,

Түнде қорықпайды - деп құрастырды. Бұл жерде азанда және түсте сөздерінің бірыңғай жалпы атауы «күндіз» екенін түсіндірдім.

Мектепалды даярлық сыныптарындағы әріптестеріме айтатыным, әр сабақты ұйымдастыруда баланың тілін дамытуға жіті көңіл бөлу керек.

Дүрия Бақытқызы ӘДІЛБАЕВА,
№15 орта мектептің музыка пәні
мұғалімі.

Талдықорған қаласы,
Алматы облысы.



Интерактивті әдістерді қолдану арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру

Елбасының «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты жолдауында: «Біз бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз керек» десе, осы жолдаудың III тарауы, он сегізінші бағытының жетінші тармақшасында: «Ақпараттық технологиялар мен ақпаратты таратудың жаңа нысандарына бағытталған мамандарылған білім беру бағыттарын құру міндеті де алдымызда тұр» делінген.

Үйреншікті әдіс-тәсілдер баланы қызықтырмайды. Сондықтан қайткенде баланың ойына, сезіміне серпіліс ендіруді мақсат етіп қою керек. Сан алуан әрекет арқылы ақыл-ойды ұштау, жетілдіру, жеке тұлғаның өзіндік идеясын, көзқарасын, сенімділігін, жауапкершілігін біртіндеп дамыту жолдарын іздестіру бүгінгі қажеттілік. Мектептің негізгі құндылығы оқушы десек, оған жеке тұлға ретінде қарау міндетіміз. Білім беру саласында оқытудың ақпараттық жаңа құралдары игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруға көмектеседі.

Мектепте оқытуды ұйымдастыратын бірден бір нұсқа сабақ болса, сабақтың нәтижелі болуына ықпал ететін нұсқа сол сабақты өткізудің әр түрлі әдіс-тәсілдері, яғни жаңашыл сабақ.

Білім – теңіз, оның тереңіне сипатын жетік білетін, сырын меңгерген, құпиясын ашатындар ғана бойлай алмақ. Ондай адамдарды дайындайтын мұғалім. Ал мұғалім білімді оқушы санасына сабақ арқылы жеткізеді. Ол мұғалімнің бір біріне ұқсамайтын жан жақты өткізген сабақтары.

Интерактивті әдіс-тәсілдерді жиі пайдалану, әр сабақта оның мүмкіндіктерін түрлендіріп отыру – педагогтар қауымының басты міндеті.

Әрбір технология өзіндік жаңа әдіс-тәсілдерімен ерекшеленеді. Әдіс-тәсілдерді мұғалім ізденісі арқылы оқушы қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарай іріктелініп, қолданылады. Тиімді, пайдалыларын жетілдіре түседі. Көрнекті педагог В.А. Сухомлинский: «Сабақ жасөспірімдердің интеллектуалды өміріне құр ғана сабақ болып қоймас үшін, ол қызықты болуы шарт. Осыған қол жеткенде ғана мектеп жас өспірімдер үшін рухани өмірдің тілеген ошағына, мұғалім осы ошақтың құрметті иесі мен сақтаушысына айналады», - деп айтқан. Өйткені жай ғана сабақ құнарсыз тағам секілді адам бойына жұқпайды. Қызықты сабақтар мұғалімнің ашқан жаңалығы, өзіндік қол таңбасы, әдістемелік ізденісі, қолданған әдіс-тәсілдері арқылы ерекшеленіп, шәкірт жүрегінен орын алады.

Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білім білік дағдыла-



рын емес, оның тұлға ретінде дамуын қоюда. Бүгінгі таңда ұстаздардан талап етіліп отырған үрдіс ол жаңа оқыту технологиялары негізінде инновациялық іс-әрекет атқару.

Соңғы кезде «Қарасам — көремін, тыңдасам — естимін, ал әрекет жасасам — білемін» деген қағида педагогикалық қауым ортасында жиі айтылуда. Бұл мақал жаңа педагогикалық технологияларға көшудің қажеттілігін анықтайтын ой түрткі іспетті. Ғылыми деректерге сүйенсек, К.К. Плотонованың зерттеулері төмендегідей көрініс береді:

Есту арқылы — он, көру арқылы — отыз, қарапайым әрекет арқылы — елу, ал белсенді әрекет арқылы — тоқсан пайыз есте сақтау пәрменділігін көрсетеді.

Ж. Аймауытовтың пікірінше: «Оқыту — білім көбейту, ақыл күшейту». Бұл барлық пәндерді оқытуда еске ұстайтын қағида. Оқыту барысында оқушылардың өмір дағдылары жөніндегі түсінігі қалыптасып, айналадағы өзін қоршаған орта жөнінде білімі кеңейіп, біртіндеп тұжырымдалып, реттелген сипатқа ие болады. Олар өмірде кездескен әр түрлі қиындықтардан, ситуациялардан алған білімдерін пайдалана отырып, өздері жол тауып шығуға дағдылануы қажет. Сонда оқушы өзі ойланып, өзі дұрыс шешім қабылдауға, өзін-өзі басқара білуге кіші жастан дағдыланады, білім сапасын жетілдіру үшін түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланады:

- диалогтық; қарым-қатынас арқылы жаңаны түсіну (мұғалім-оқушы,

оқулық-оқушы, оқушы-оқушы);

- эвристикалық; өз бетінше іздену, іс-әрекет жасау арқылы білім алуы;

- зерттеу. Объектіні білу үшін тәжірибелер жүйесін жасау.

Сабақ үрдісінде пайдаланып жүрген әдіс-тәсілдер оқушылардың оқуға деген ынта-ықыласының, дағды мен ой-өріс, білім-біліктерінің артуымен сипатталары сөзсіз.

Пәндерді оқытуды технологияландыруда интерактивті әдістер пайдаланудың маңызы зор. Ол білім беру іс-әрекетінде оқушылардың белсенділігін, өз бетінше жұмыс істеуінде пайдалы (Рөлдік ойындар, «миға шабуыл», дебат, дискуссия, жаттығу, топтық жұмыс)

Білім берудің негізгі мақсаты — білім мазмұнын жанартумен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әр түрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Оқушы тұлғасының дамуына, қабілетінің артуына жаңа технологиялар айтарлықтай ықпал жасайтыны сөзсіз және бұл қазіргі таңдағы білім беру жүйесінің дамуындағы елеулі бағыт. Сондықтан әрбір әдіс-тәсілдің ұстаздар үшін маңызы зор.

Жанар Нағымжанқызы УКИЕВА,
Дарынды балаларға арналған үш
тілде оқытатын Әл-Фараби атындағы
арнаулы гимназиясының бастауыш
сынып мұғалімі.
Алмалыбақ ауылы,
Қарасай ауданы,
Алматы облысы.



Оқушылардың зейінін дамыту мәселесі



**Нургуль
Серикбаевна
КАРИМОВА,
Әл-Фараби
атындағы №145
жалпы білім
беретін мектебінің
психологы.
Бостандық ауданы,
Алматы қаласы.**

Қазіргі кезде білім беру жүйесіндегі психологиялық процесте оқушылардың зейін ерекшеліктерін дамыту мәселесі ерекше маңызды. Өскелең ұрпақты дамыту соңғы жылдары ғылыми зерттеулердің объектісіне айналуда. Тұлғаны мақсатты түрде қалыптастырудағы айқын заңдылықтарды табуға оқушылардың зейін ерекшеліктерін дамыту, ғылыми негізде құру, сонымен бірге психологиялық теорияның даму мүмкіндіктерін ескеру бүгінгі күннің талабына сәйкес жалпы тәрбие үрдісін қамтамасыз етуде. Зейінді ұйымдастырудың маңыздылығы, орнымен қойылған тапсырмаға және оны субъектінің қабылдауына себепші болуымен байланысты.

Сонымен қатар, зейінді тәрбиелеу оқу-тәрбие жұмысының мазмұнына тікелей тәуелді. Сабақ немесе өз бетімен атқарылатын жұмыс түрлендіріліп және қызықты етіп ұйымдасты-

рылса, оқушының зейінді болуына септігін тигізеді. Оқуды практикамен тығыз байланыстыру міндеттері, қолданылатын оқыту, тәрбиелеу әдістемесін жаңа талаптарға сай жетілдіре түсу қазіргі білім саласының талабы.

Сонымен, зейін деп адам санасын қоршаған ортадағы белгілі заттар мен құбылыстарға белсенді бағытталуын айтамыз. Зейін — адамды қоршаған көптеген басқалардың ішінен заттар мен құбылыстарды бөліп көрсету.

Зейіннің негізі ретінде тұлғаның қызығушылықтары мен қажеттіліктері, бағдарлары мен бағыттылығы тұрады. С.Л. Рубинштейннің пікірінше, зейінде сананың затпен байланысы көрініс табады. Зейін мен объект өзара әсерде болады. Бір жағынан, зейін затқа немесе объектіге бағытталады, екінші жағынан, объект зейінді өзіне аудартады. Зейіннің нақты бір объектіге бөлінуі субъектіге, яғни адамға ғана байланысты емес, сондай-ақ зейінді тудырған объектінің қасиеттері мен сапаларына да байланысты. Зейіннің оянуы — бағдарлық-зерттеудің бастамасы.

Қазіргі кезде зейін өзінің субъективті және объективті көріністерімен адамның психикалық іс-әрекеттің жүйелілігін талап етеді. Жүйелі психикалық іс-әрекеттің кез келген түрі:



белсенді қабылдау, терең ойлау, естегі бейнеге шоғырлану немесе күрделі қозғалыстарды сапалы орындау — зейіннің қызметіне тәуелді. Зейін психологиядағы сана және ерік-жігер сынды іргелі ұғымдармен тығыз байланысты. Сонымен қатар зейін психологиясында көптеген жетістіктерге қарамастан қиыншылықтар мен қарама-қайшылықтар баршылық. Зейін психологиясына қатысты көптеген шешімін таппаған күрделі мәселелер де жеткілікті. Сол себепті зейін мәселесінің тағдыры мен оны шешу психология ғылымының өзекті тақырыптарының бірі екені белілі.

Сонымен зейінді зерттеуде адамдардың зейіні ырықты, ырықсыз және үйреншікті болып үшке бөлінетіндігі анықталды. Ырықсыз зейін зейіннің ең қарапайым түрі болып табылады. Ырықсыз зейін дегеніміз — сананың объектіге еріксіз бағытталуы. Ырықсыз зейін пайда болғанда біз көптеген себептермен соқтығысамыз. Бұларға бір-бірімен байланысатын, бірақ оларды келесі төрт санатқа бөлуге болатын психофизикалық және психологиялық себептер жатады.

Бірінші себепке, сыртқы тітіркекндіргіштердің әсері жатады. Бұған ең алдымен күшті немесе қарқынды тітіргенгіштерді қосу қажет. Мысалы: Көз алдыңызға, сіз қандай да бір күрделі жұмыспен айналысып жатқаныңызды елестетіңіз. Сол уақытта сіз даладағы шуға немесе көрші бөлмедегі шуға мән бермейсіз. Бірақ сіздің

назарыңыз үстелдің үстінен түсіп кетіп, қатты шу шығарған затқа бірден аударылады. Сол себепті, қандай да бір қатты тітіркекндіргіштер: қатты дауыс, жарық сәуле, өткір иіс және т.б. еріксізден сіздің зейінін сізді аудартады. Екінші себепке, сыртқы тітіркекндіргіштердің адамның жағдайына байланысты ішкі тітірендіргіштеріне әсер етуі.

Үшінші себепке, тұлғанның белгілі бір затқа бағытталуы. Төртінші себепке, адамның сезіміне әсер ететін тітіркекндіргіштер.

Адамның ырықты зейіні әрекетті саналы түрде белгілі ерік күшін жұмсау арқылы орындалуынан көрінеді. Ырықты зейінде белгілі бір мақсат қойып, объектіге ерекше зер салып отыру көзделеді, ол жұмыстың басынан аяғына дейін ерік-жігерді сарқа жұмсауды талап етеді. Ырықты зейін мынандай ерекшеліктермен сипатталады:

- Біріншіден, қандай болмасын бір әрекеттің талабына сай зейінді бағындыра алу үшін іс-әрекетке тікелей кірісу қажет.

- Екіншіден, үйреншікті жұмыс жағдайын жасап алып, алаңдататын нәрселерден бойды аулақтатқан жөн.

- Үшіншіден, орындалатын істің мәнісін, маңызын түсіну үшін білімге шын ықыласпен берілген дұрыс.

- Төртіншіден, түрлі қолайсыз жағдайларда да жұмыс істеуге машықтану. Мәселен, көңілді алаң қылатын бөгде тітіркекндіргіштердің әсеріне берілмей жұмыс істей беру. Бұл зе-



йінді шынықтырудың, оны мықты және шыдамды етіп тәрбиелеудің ең жақсы жолы болып табылады.

- Бесіншіден, зейінді болуды өзіңе үнемі ескертіп отыру керек.

Сонымен, бір сөзбен айтқанда, ырықты зейін деп іс-әрекетті жоспарлы түрде ұйымдастыруды айтады.

Зейіннің, екі түрі де бір-бірінен ешқашан қалмай ілесіп отырады. Ырықты зейін ырықсызға, ырықсыз зейін ырықтыға қарай жиі алмасады. Шындығында, адамның үнемі ырықты зейін жағдайында болуы мүмкін де емес. Оқушы алғашқыда жай қызыққан нәрсесіне тікелей зейінін аударады, ал содан кейін сабақтың мақсатына қарай тікелей қызық емес басқа материалдарға да зейін қояды. Алғашқы уақытта қызықсыз болып көрінген сабақ кейін балаға түсінікті бола бастайды. Бұл кезде оның ырықсыз зейіні сыртқа теуіп, ырықты зейінінің пайда бола бастағаны.

Зейіннің үйреншікті деп аталатын түрі де бар. Үйреншікті зейін — адамға табиғи сіңісіп кеткен, арнайы күш жұмсамай-ақ орындалатын зейін. Оны ғылымға Н.Ф. Добрынин енгізген. Мысалы: оқушы қиын арифметикалық есепті шығарып отырып, бастапқыда қандай да бір күш жұмсайды. Ол бұл іс-әрекетті есепті шығару керек болғасын орындап отырады. Есеп өте қиын және бастапқыда шешімі табылмайды. Сол себепті ол алаңдап отырады. Алайда бірер уақыттан кейін оқушы есепті шығара бастайды. Есепті шы-

ғарған сайын, оқушының қызығушылығы арта түседі. Сөйтіп ол еш нәрсеге зейін аудармай есепті шығарып тастайды. Бұл жерде ырықты зейін, ырықсыз зейінге ауысты. Үйреншікті зейіннің де табиғаты осыған ұқсас. Өйткені үйреншікті зейін ырықты зейіннен дамып қалыптасады. Зейіннің қай түрі болмасын іс-әрекеттен нәтиже шығаруға бағытталады. Егер адам жұмысқа өздігінен беріліп істесе, ырықсыз зейіні көрінеді. Бірақ ұзақ жұмысты тікелей қызығып істей беру де оңай емес. Мұндай жағдайда ырықты зейінге орын беріледі. Ылғи ырықты зейінмен жұмыс істеу де адамды қажытып шаршатады. Сондықтан адам жұмысты зейіннің осы екі түрін қатынастыра отырып, үйреншікті зейінмен істеуді әдетке айналдыруы қажет. Іс-әрекет үстінде зейін сипаты үнемі өзгеріп отырады, оқушының үнемі ырықты зейін жағдайында болуы мүмкін емес. Өйткені ұзақ уақыт зейінді бір объектіге шоғырландыру, ерік күшін жұмсау баланы шаршатады, оның аландауына әкеліп соқтырады. Қызығып істеген әрекет оны шаршатпайды. Оқушы алғашқыда қызыққан нәрсеге ғана зейін аударады, кейіннен сабақтың мақсатын дұрыс ұғынып, оған көңіл бөліну үйреншікті зейінге ауысады да, баланың білуге тиісті нәрселері мен құбылыстары ерік күшін жұмсауды талап етпей-ақ, әдеттегі үйреншікті, дағдылы жағдайға ұласады.



Зейіннің бөлінуі оқушылар меңгеруге тиісті нәрселердің жеке қасиеттері мен ерекшеліктеріне байланысты. Зейіннің табиғатын дұрыс түсіну үшін объектілерді дұрыс қабылдап, олардың мән-жайын түсіну қажет. Бұл оқушылардың дағдысын қалыптастыруды талап етеді. Мәселен, мұғалім сабақ жүргізгенде бір мезгілде сабақ мазмұны мен формасына, оқыту жоспарының барысына, сыныптағы оқушылардың тәртіп сақтауына, сабаққа қалай қатысып отырғанына назар аударып отырады. Зейіннің аударылуын іс-әрекет үстінде, яғни тиісті міндеттерді шешу үшін бір объектіден екінші объектіге, немесе оның бір жағына сананы әдейі аудару арқылы қалыптастырады.

Зейіннің басты бір қасиеті — тұрақтылығы. Зейінді тұрақтата алу жүйке процестерінің күшіне, әрекет сипатына қалыптасқан әдетке байланысты. Сабақ үстінде баланың зейінін белгілі бір әрекетке ғана шоғырландырып, оны үнемі тұрақты етуге, ол үшін алаңдатушы тітіркендіргіштермен күресе білу шарт. Зейін жас балаларда шашыраңқы келеді. Өйткені, олардың сыртқы тітіркендіргіштерге әсерленгіш тізгіні күшті. Шаршағандық, өз ойымен әлек болу, қолайсыз эмоциялық күй бала зейінін ауытқытып, түрлі нәрселерге әсерлендіреді.

Оқу тәрбие процесінде мұғалім балалардың мұң-мұқтажына, көңіл күйіне, денсаулығына, сабақ үлгеруіне, үнемі зейін қойып отыруы тиіс. Өйткені, бала зейінінің, ой-өрісінің өсуі

мұғалімдер үшін аса қажетті объект.

Бала зейінін дамыту мен тәрбиелеуді әрбір әс-әрекеттің тек мән-мәнісін түсіне білу деп санамай, оның өміршең мәселе екендігін, яғни тіршіліктің тұтқасы, жеке бастың жарасымды қалыптасуының белгісі деп түсіну қажет.

Адамда сондай-ақ сыртқы және ішкі зейіндердің де болатынын, олардың өзіндік ерекшеліктерін ескертіледі. Мәселен, айналаға зер салып қарау, жәй көңіл аудару сыртқа бағытталған зейін делінсе, адамның өз ойына, адамгершілік қасиеттеріне, әсемдікті сезіп білуіне, көңіл-күйіне, басынан кешкен оқиғаларына санасының бағытталуы ішкі зейін болып табылады.

Ырықты зейіннің жоғарғы деңгейде болуы оқытудағы үлгерімдерінің басқа да факторларын іске асырады, жеке айтқанда жекелік моторлық жылдамдығын іске асырады. Зейінді оқушылардың жекелік жылдамдығы жоғары болған сайын жақсы оқиды. Ал зейіні нашар оқушыларда керісінше болады. Пәндер бойынша, зейіннің қасиеттерін салыстырғанда: математикадан, физикадан үлгерімдеріне зейіннің көлемі және даралық жылдамдығы ықпал етеді. Зейіннің тұрақтылығы мен математикаға төмен қабілеттілігінің арасында байланыстар бар. Орыс тілі, қазақ тілінен үлгеріміне зейіннің бөліну қасиетінің дамуына ықпал етеді. Оқудың жетістігі зейіннің тұрақтылығымен байланысты. Зейіннің түрлері мен қасиеттерін мұғалім оқу іс-әрекетінде бақылауға алып отыруы керек.



Ақпараттық-коммуникациялық технологияны кәсіптік білім беруде қолдану

XXI ғасыр — бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір.

Ақпараттық-коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, Интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді.

Кәсіптік білім беру саласында алда тұрған міндеттер — электрондық байланыс жүйелерінде ақпарат алмасу, интернет, электрондық пошта, теле-конференция телекоммуникациялық жүйелерді іске қосу екендігі кезек күттірмейтін іс екендігі баршамызға белгілі.

Ақпараттық коммуникативтік технологияны пайдаланудың тиімділігі мен ерекшеліктері

Қоғамдағы жаңа өзгерістер және оның тез ақпараттандырылуы мен даму жылдамдығы білім беруге қойылатын талаптарды да түбегейлі өзгертіп, қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласына төмендегідей міндеттерді қойып отыр:

- Білім сапасын арттыру;
- Әлемдік білім беру кеңістігіне ену;
- Орта білімді ақпараттандыру;

- Интернет жүйесін пайдалану;
- Электрондық оқулықтар;
- Қашықтықтан басқару.

Компьютерлік технологияны пайдалану мұғалімге оқушының оқу пәніне деген танымдық қызығушылығын дамытудың жаңа мүмкіндіктерін ашады. Жаңа ақпараттық технология өзіндік ерекшеліктерімен ерекшеленеді. Олар төмендегідей:

- Жобаның презентациясын жасау мен ұйымдастыру;
- Ғылыми-көпшілік журналының сайтына кіру;
- Әлемнің кез келген еліндегі оқушылар мен еркін араласу;
- Интернет—олимпиада мен шығармашылық байқауларға қатысу.

Жаңа ақпараттық технологияның ішінде ең тиімді технологияларға: оқытудың компьютерлік технологиясы, мультимедиялық технологиялар, презентациялық технологиялар, дистанциялық оқыту технологиялары кіреді. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие болып отыр. Қазіргі жағдайда педагогтардың ақпараттық-коммуникациялық құзырлылығы кәсіби мамандықтың құрамды бөліктері болып табылады.

Кәсіптік лицей оқытушылары үшін ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

- оқушының өз бетімен жұмысына;



- уақытын үнемдеуге;
- білім-білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеруге;
- қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
- қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
- экономикалық тиімділігі;
- іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйренуде (арнайы пәндер, өндірістік оқуларда, дене шынықтыру сабақтары т.с.с.);
- қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақ пен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып процестерімен әр түрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезінуге мүмкіндік береді;
- оқушының ой-өрісін дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор.

Оқытушы сабағында ақпараттық технологияның тиімділігін жүйелі түрде көрсете біледі. Ақпараттық технологияны пайдалану іс-тәжірибесі тиімді әдіс деп ойлаймын.

Бүгінгі күні Қаратөбе ауданындағы №21 кәсіптік лицейде Интернет желісіне қосылған компьютерлік кабинет, интерактивті тақта, информатика кабинеті мұғалімдер мен оқушыларға тұрақты кестемен қызмет көрсетіп келеді. Кабинетте лицей оқушылары мен оқытушыларының ақпараттық оқу құралдарын пайдалануға және әлемдік ақпарат жүйесіне еркін еніп, өз білімдерін тұрақты же-

тілдіруге жағдай жасалған. Қазіргі таңда лицейде болашақ мамандарға 34-тен астам педагогтар мен өндірістік оқу шеберлері сапалы білім мен саналы тәрбие беріп келеді. Лицейдің әдістемелік қызметінің негізгі мақсаты — «Оқу-тәрбие үрдісінде озық технологияларды еңгізу арқылы сапалы кәсіптік білім беру».

Осы мақсатта жаңа технологияларды оқу үрдісіне енгізуде ауқымды жұмыстар атқарылуда. Лицей оқытушылары жаңа заманға сай оқыту технологияларын пайдаланумен қатар, пәндеріне сәйкес келетін электрондық оқулықтарды алып, оларды сабақ барысында кеңінен қолдануда. Оқытушылар мен өндірістік оқу шеберлерінің көпшілігі дербес компьютерді меңгерген, арнайы білім курстарының сертификаттарына ие болған. Әдістемелік кабинетте «Жаңа формация мұғалімі — педагогикалық жаңалықтарды тұрақты қолданатын рефлексияға қабілетті шығармашыл ұстаз», «Оқытудың интерактивті әдістерінің негіздері және оны сабақта қолдану жолдары», «Өндірістік оқу сабақтарында инновациялық техноло-





гияны ендіру жолдары» тақырыптарында семинар сабақтары өткізілді.

Электрондық оқулықтарды сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды. Әрбір оқушы тандалған тақырып бойынша тапсырмалар мен тарау бойынша тест жұмыстарын орындап, анимациялық практика тапсырмаларымен жұмыс жасауға дағдыланады. Электрондық оқулық арқылы түрлі суреттер, видеокөріністер, дыбыс және музыка тыңдатып көрсетуге болады. Бұл, әрине мұғалімнің тақтаға жазып түсіндіргенінен әлдеқайда

тиімді, әрі әсерлі. Меңгерілуі қиын сабақтарды компьютердің көмегімен оқушыларға ұғындырса, жаңа тақырыпқа деген баланың құштарлығы оянады деп есептеймін. Осылайша оқыту құралдарының бірі — электрондық оқулық. Ол оқушыларды даралай оқытуда жаңа информацияларды жеткізуге, сондай-ақ игерілген білім мен біліктерді тестік бақылауға арналған бағдарламалық құрал. Қазіргі таңда кабинетте 21 электрондық оқулық бар.

Төменде мұғалімдердің ақпараттық технологияны қолданудың технологиялық картасына мысал келтірілген.

_____ бірлестігі бойынша электронды оқулық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалану туралы мәлімет.

№	Пайдаланушының аты-жөні	Пайдаланған электронды оқулық, бейне таспалар	Интернеттен алынған материалдар	Интерактивті тақтамен жүргізілген жұмыс түрлері	Топ атауы	Мақсаты
1		«Seasons»			Құрылыс 1-1-1	а) Ақпараттық мәдениет қалыптастыру; б) Оқушылардың қызығушылығын ояту.
				Ашық сабақ	Фермер II-1	а) Озық технологияларды пайдалану; б) Ақпараттық мәдениет қалыптастыру.
			«What nice weather?» www.google.ru	«London»		Оқушыларды интерактивті тақтамен жұмыс жасауға үйрету.

Интернетпен жұмыс жасау дәптері

№	ДК пайдаланушының аты-жөні	Сайт атауы	Алынған материал тақырыбы (атауы, мәлімет, т.б.)	Уақыты
1		www.edu.kz		



Жаңа ақпараттық технологияларды кәсіптік білім беруде пайдаланудың тағы бір түрі — бітіруші түлектердің біліктілігін растау емтиханын ұйымдастыру және өткізу. Дербес компьютерлерге арнайы тест бағдарламалары енгізіліп, бітіруші түлектер бітіру емтиханының тест сұрақтарына өз бетінше дайындалу мүмкіндігіне ие болды. 2009-2010 оқу жылында лицей бітіруші түлектері тәуелсіз білімді бағалау тестіне қатысып, орташа көрсеткіш 76 ұпайға жетті. Әрине, бұл да ақпараттық технологияны оқу үрдісінде пайдаланудың жемісі.

Білім — болашақ бағдары, кез келген маман даярлайтын оқу орынның басты міндеттерінің бірі — жеке тұлғаның құзіреттілігін дамыту. Құзірет — оқушының жеке және қоғам талаптарын қанағаттандыру мақсатындағы табысты іс-әрекетіне қажетті білім дайындығына әлеуметтік тапсырыс. Ақпараттық құзіреттілікті қалыптастырудың басты мақсаты — оқушыларды ақпаратты беру, түрлендіру және оны қолдану білімдерімен қаруландыру, олардың компьютерлік технологияны өз қызметтеріне еркін, тиімді пайдалана алу қабілеттерін қалыптастыру.

Пән оқытушылары білім беру жүйесін ақпараттандыруды дамыту бағытында лицейдің оқу-тәрбие үрдісін ақпараттандыру мен барлық пәндерге ақпараттық-коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін пайдалану және өз пәнін оқытудың сапасын арттыру жағдайында олардың ақпараттық құзырлылығы қалыптасқан тұлға болуы қажет.

Басқаша айтқанда, бұл кеңістікке ең алғаш еніп, оны жүйелі және кә-

сіби бағытта енуін қамтамасыз ететін мұғалім. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, Онлайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс.

Сонымен қорытындылай келе алда атқарылатын жұмыстар:

- Ақпараттық технологияны сабақтарда үздіксіз пайдалану;
- Кәсіптік лицейді қазіргі заманға сай жаңа ақпараттық құрал-жабдықтармен жабдықтау, интерактивті тақталар мен мультимедиялық кабинеттермен және арнаулы пәндер бойынша электрондық оқулықтармен қамтамасыз ету;
- Кәсіптік білім саласында оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын пайдалану бойынша білім жетілдіру курстарын жиі ұйымдастыру.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқу тәрбие үрдісіндегі қолдану оқушының өз мамандығына қызығушылығын арттырып, шығармашылық шабытын шыңдап, ғылыми көзқарасын қалыптастырып, мамандық сапасын арттырып, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда үлесі мол.

**Зәуреш Мырзабекқызы
ЖҰМАҒАЛИЕВА,
№21 кәсіптік лицейдің
математика-информатика пәні
мұғалімі.**

**Қаратөбе ауданы,
Батыс Қазақстан облысы.**



Бастауыш сыныптарда оқушылардың мәнерлеп оқу дағдысын қалыптастыру



**Молдир
Болатбековна
ДЖАНКУЛОВА,
Бикен Римова
атындағы
орта мектеп-
гимназиясының
бастауыш сынып
мұғалімі.
Үштөбе қаласы,
Қаратал ауданы,
Алматы облысы.**

Мәнерлеп оқу — оқу шеберлігі тіліміздегі сөздерді дұрыс айтқызып, жатық сөйлеп, көркем текстті нақышына келтіре оқу, терең бойлап оқу.

Бастауыш сыныпта оқушы ұстазға еліктейді, сондықтан мұғалім дайындығы үлкен болуы тиіс. Мәнерлеп оқу — дауысты жәй ғана құбылту емес, текстен идеялық мазмұнын сапалы меңгеруден туған дыбыс үйлесімділігі, мағыналық екпін, дауыстың әсері, мәнді ырғағы.

Бастауыш сыныпта біздің оқып беруіміз арқылы мәтін қабылданады. Сондықтан да бала бізге көп еліктейді. Алайда мәнерлеп оқу еліктеу, немесе дауыс құбылту емес, шығарманың мән-мағынасына терең бойлауы, мазмұнын саналы игеру. Оқушыға талап қою үшін, алдымен, өзіміз әрбір ана тілі сабағына мұқият дайындалуымыз керек. Әрбір көрініс, әрбір

детальға мән беру керек. Шығарма қуаты жан тебірентерлік әсерде. Сөз бояуы сөйлегенде, оқығанда тыңдаушыға дауыс ырғағы арқылы жетеді. Дұрыс мәнерлеп оқу үшін:

1. Оқылатын мәтінмен танысу;
2. Мәтіндегі ой түйінін табу;
3. Жоспарлау.

Оқылу сызбасы: Хабарлы сөйлем _____

Сұраулы сөйлем _____

1-сыныпта «сөйлем», «сөз», «буын» туралы алғашқы ұғымдар практикалық жолмен нақты түсіндіріледі. Сауат ашудың әліппе кезеңінде бала барлық дыбыстар мен әріптермен танысып, оқу-жазуға үйренеді. Буын құрылысын ашуға байланысты қарастыра келе ашық буыннан бастап оқытылады. Ашық буынның екі түрі де (жеке дауысты дыбыстан, дауыссыз бен дауысты дыбыстан жасалған) қамтылады. Олар үнемі қайталанып отырады. Әрбір дыбыс пен әріпті үйреткенде алдымен ашық буынды сөздерді оқытудан бастап, содан соң біртіндеп тұйық, бітеу буынды сөз оқытылады. Дауысты дыбыс әріптерінің алдымен жуан дауыс дыбыс әріптері (о, ы, ұ) сосын жіңішке дыбыс әріптері (ә, е, ө, ү) таныстырылады. Оған себеп, сөйлеу тіліміздегі сөздердің басым көпшілігі жуан айтылатын сөздер. Дыбыс пен әріп өзара біртұ-



тас. Көрсетілген әріп дыбысталады. Баған түрінде балалар мүмкіндік деңгейіне дайындалады. Оқиды. Саналы түсінісіп оқу үшін мынадай жұмыстар жүргіздім:

1. Өзім оқып шығамын;
2. Ілестіре отырып оқылады;
3. Алдымен оқушының сөз мағынасын қалай түсінетінін сұрау, содан соң қосымша мағлұмат беремін;
4. Жеке-жеке оқытамын;
5. Іштей оқуына мүмкіндік беру;
6. Дыбыстық талдау жасатамын;
7. Жаңа танысқан әріпті сөз ішінен тапқызамын (орнын анықтау);
8. Дауысты дыбыстан басталған, аяқталған дыбысты тапқызамын;
9. Дауыссыз дыбыстан басталған, аяқталған дыбысты тапқызамын;
10. Бағандағы сөзді тігінен де, көлденеңінен де оқытып, жаттығады.

Тіл дамытуды үш түрлі салада жүргіздім:

- Сөздік жұмысы;
- Сөйлем құрастыру;
- Байланыстырып сөйлеу.

1. Сөздік жұмысында екі мақсатым бар:

- а) оқылған сөздің мағынасын түсіну, сол арқылы баланы саналы оқуға баулу, ойлау қабілетін жетілдіру;
- ә) жаңа сөздер үйрету. Сөздік қорын байыту.

Сауат ашуға байланысты мынадай жұмыс атқардым:

1. Дұрыс оқуы (дыбысты анық айту);
2. Әр сөздің мағынасын түсіну;
3. Дыбыстық талдау жасау;

4. Буынға бөлу;

5. Әр сөзге сөйлем құру.

Сонымен қатар зат атына, қимылына, сынына орай сұрақ қойып, тілін дамыту. Әліппеден кейінгі кезеңде мәтінді мына тәсілге қолдануға болады:

1. Кіріспе әңгіме айтамын;
2. Өзім оқып шығамын;
3. Сөздік жұмысы;
4. Оқушыға оқытамын;
5. Қысқаша әңгімелейміз (талдау);
6. Бөліктерге бөлу;
7. Мәтінді толық оқу;
8. Сұрақ-жауап;
9. Мәтіннен тауып оқыту;
10. Қорытынды әңгіме. Мәтіннің тақырыбын, негізгі ойын, кейіпкерін табу, тәрбиелік мәнін ашу;
11. Мәнерлі оқыту;
12. Рөлге бөліп оқу;
13. Шығармашылық жұмыстар, ойындар;
14. Сахналық көріністер.

Мұның барлығы да тиісті сабақта мұғалімнің әдіс-тәсілді тиімді пайдалануы шеберлігіне байланысты. Ана тілінің негізгі мақсаты тіл арқылы қарым-қатынас жасау қызметінің барлық түрлерін меңгертуге, пікірін айқын жеткізе алуға үйрету. Бұл мақсатқа жету үшін:

1. Тұтас сөзбен жүгірте оқуды жетілдіре отырып, оқу техникасын дамыту;
2. Байланыстырып сөйлеу шеберлігін арттыру, мазмұнын дұрыс айту;
3. Ой-өрісті, тілді дамытуға жаттығулар жүргізу;



4. Оқу бағдарламасында талап етілетін грамматикалық мағлұматты жете меңгеру;

5. Балаларға арналған кітаптарға қызығушылығын арттыру, оқу дағдысын қалыптастыру, лекциялық тіл байлығын дамыту;

6. Дидактикалық материал мен кестелердің, сызба, техниканы тиімді пайдалану арқылы пәнді терең қабылдату.

Жалпы ана тілі арқылы мынадай жүйемен ғана алға ұмтылуға болады:

1. Дұрыс оқу дағдысы;
2. Шапшаң оқу дағдысы;
3. Түсінісіп оқу дағдысы;
4. Мәнерлеп оқу дағдысы.

1-сыныптан-ақ мәнерлеп оқуға үл-

кен мән берілуі тиіс. Әрбір сөзін, сөйлемнің мән-мағынасын ұғыну, негізгі ойды таба білу, мәтінге көзқарасын білдіреді. Түсініп оқу үшін мынадай тәсілдер қолданамын.

1. Дайындық әңгіме өткізу (бақылау, саяхат);

2. Сөздік жұмысы (көнерген сөздер, жаңа сөздер, күрделі сөздер).

Мәтінді баланың оқуынан мұғалім мәтінді меңгергендігін байқай алады. Мәнерлеп оқу барысында оқушы дауыс ырғағын сақтап оқуға, автордың ойын білдіруге, кейіпкердің көңіл-күйін сезіне оқуға, екпінді дұрыс қоюға үйретіледі. Мұғалім – балаға үлгі. Мұғалімнің сөйлеу мәнері, дауысты құбылтуы, барлығы балаға үлгі болады.



Оқу процесінде инновациялық технологияларды тиімді пайдалану



Ұлбосын БЕРДІБЕК,
№32 жалпы білім
беретін мектебінің
мұғалімі.
Түрксіб ауданы,
Алматы қаласы.

Қазақ бастауыш мектептерінде жаңа білім мазмұнын жүзеге асыруда, соның ішінде оқытудың инно-

вациялық технологияларын жүзеге асырудың жолдарын дұрыс шешуді нысаналы түрде зерттеп, білу бүгінгі таңның өзекті мәселелерінің бірі. Осы жерден мынадай қарама-қайшылық туындайды: мұғалім инновациялық технологияларды зерттеп, оның мақсат-міндеттерін, әдіс-тәсілдерін жетік білумен қатар, оны тиімді қолдана білуі қажет.

Қазіргі таңда ақпараттандыру процесі адамзат өркениетінің дамуының жаппай және қайталан-



байтын кезеңі ретінде қарастырылып отыр. Білімді ақпараттандыру, әсіресе оның алғашқы баспалдағы мектепте енгізу – қоғамда ақпараттандырудың негізгі шарты. Себебі, мектепте жаңа ақпараттандырылған қоғам жағдайында жұмыс істеп, өмір сүре алатын болашақ ұрпақтың дайындығы жүзеге асады. Осы процестің дамуын болжауға бағытталған белгілі беталыс педагогика ғылымында өз орынын алуда. Білімді ақпараттандыру жағдайында білім парадигмасының өзгеруі қазіргі жалпы білім беретін мектептің дамуының негізі ретінде ақпараттық технологиялары мәселелері ретінде зерттелуде.

Білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Сондықтан да, бастауыш сынып мұғалімдері оқушыларға сапалы білім берудің тиімді жолдарын іздестіріп, инновациялық технологияларды пайдалануда. Бастауыш сынып оқушылары барлық пәндерден «Атамұра» баспасынан шыққан жаңа буын оқулықтарымен оқимыз. Бұл оқулықтардың ерекшелігі зор. Оларда балалардың жас ерекшелігіне байланысты танымдық қабілетін, ақыл-ойын дамытуды, сөздік қорын молайтуды, мәтіннің мазмұнын, сюжетін ашуды түсініп оқуды, адамгершілікке тәрбиелеуді бір-бірімен ұштастырып берілген,

сондықтан мен де оқушылардың логикалық ойлауын, қиялын дамытуға, сөздік қорын молайтуға, өзінің ой-пікірін, көргенін, оқығанын мазмұндату арқылы ауызша сөйлеуін, тілін дамытуға және сауатты жаздыруға көп көңіл бөлемін. Өзім бастауыш сыныпқа сабақ беру процесінде төмендегідей технологияларды қолданып жүрмін:

а) деңгейлеп саралап оқыту технологиясы;

ә) сын тұрғысынан ойлау мен жазуды дамыту технологиясы;

б) дамыта оқыту технологиясы.

Енді өзім өткізген сабақ үлгісіне тоқталмақпын.

Математика. 1-сынып

Сабақтың тақырыбы: 10-а 10-□

Мақсаты: Әріпті өрнектер, 10 санын азайтудың кестелік жағдайлары туралы білімдерін бекіту, 10-а әріпті өрнегінің мәнін табу бойынша есептеулер жүргізу біліктерін қалыптастыру; жай есептердің мазмұны бойынша амалды таңдай алу білігін жетілдіру. Сөйлеу тілін, қабілеттерді, өздігінен әрекеттенуді дамыту. Ізденімпаздыққа, шығармашылыққа баулу.

Сабақтың оқу-тәрбиелік міндеттері: 10 санының құрамының сәйкес жағдайын білуді бекіту; 10-а әріпті өрнектің мәндерін табуда осы білімдерін қолдану біліктерін қалыптастыру; қалдықты табуға берілген есепті шығаруда амалды таңдап алу білігін жетілдіру. Терминдерді және



амалдардың қасиеттерін есептер мен мысалдарды түсіндіре отырып шығаруда қолдану біліктігін дамыту; Тапқырлықты, ой ұшқырлығын және шығармашылық қабілетті дамыту.

Сабақтың типі: оқушылардың жаңа білімді игеру сабағы.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, флипчарт.

Әдісі: топтау, салыстыру, іздендіру.

Сабақтың шартты кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Сабақ мақсатын хабарлау. 10 санының құрамы туралы білімдерімізді қайталап, 10-а түріндегі әріпті өрнектің мәнін табуға байланысты тапсырмалар орындау. Біздің бүгінгі сабаққа орманнан аңдар сабаққа келді. Олар сендерге әр түрлі тапсырмалар әкелді. Ендеше, іске сәт, сабағымызды бастаймыз. (Флипчарт 1)

1, 2, 3.

Сынып іші тып-тыныш,

Жалқаулықты тастаймыз,

Сабақты біз бастаймыз.

II. Машықтандыру жаттығуларын орындау. (Флипчарт 2)

Математикалық диктант.

1 8 9 3 2 7 6 5 0

$a - 0$ $a=0$ өрнегінің мәнін көк түспен қорша.

$a+8$ өрнегінің $a=1$ болғандағы мәнін қызыл түспен қорша.

$c-9$ өрнегінің $c=10$ болғандағы мәнін жасыл түспен қорша $c-8$ өрнегінің $c=10$ болғандағы мәнін сары түспен қорша

10 санының құрамын табу тәсілдері жайындағы білімді бекіту. (Флипчарт 3)

«Көршілерін орналастыр» ойыны.

III. Жаңа білімді белсенді игеруге дайындау. (Флипчарт 4)

Салыстыр: 10-а 10-1

Қандай ұқсастық бар? Ұқсастықты қызыл түспен қорша.

Айырмашылығы қандай? Айырмашылықты жасыл түспен қорша.

IV. Жаңа білімді игеру кезеңі. (флипчарт 5)

Кестені толтыр:

с	0	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
10-с											

Суреттер бойынша өрнектер құрастыр. Мәндерін тап. (Флипчарт 5)

$$\square + \square = \square \square \quad \square \square - \square = \square$$

$$\square + \square = \square \square \quad \square \square - \square = \square$$

$$\square + \square = \square \square \quad \square \square - \square = \square$$

$$\square + \square = \square \square \quad \square \square - \square = \square$$

V. Қалдықты табуға берілген есеп жайындағы білімді бекіту. (Флипчарт 6)

Есепті шығар:

Болды — 5 банан

Берді — 5 банан

Қалды - ?

Шешуі:

Жауабы: Дастанда... банан қалды.

VI. Қорытынды жасау. Рефлексия.

VII. Бағалау, үй тапсырмасын беру.



Педагогикалық кәсіби мәдениет – өркениетке қадам ретінде



**Жұлдыз Бақытқызы
АҚЫЛОВА,
№109 жалпы білім
беретін мектебінің
бастауыш сынып
мұғалімі.
Жетісу ауданы,
Алматы қаласы.**

Болашақ педагогтердің кәсіби мәдениетін дамыту қазіргі уақытта психологиялық-педагогикалық зерттеу мәселелеріне айналады. Көптеген ғалымдардың көзқарасы бойынша, болашақ маман даярлауда студенттерге педагогикалық әдеп, іскерлік дағдыны қалыптастырудағы басты компоненттерінің бірі – педагогикалық мәдениет шарттарын айқындау болып табылады.

Педагогикалық кәсіби мәдениет – мұғалімнің әлеуметтік тәжірибені меңгеруі, игерген білім, білікті тәжірибеде қолдана білуі және өзін-өзі, қоршаған ортаны жаңарту қабілетімен қатар, басқа адамдармен ізгілік тұрғысында қарым-қатынас жасай білу қабілетімен сипатталады.

1. Кәсіби мәдениетті жоғары деңгейде меңгерген мұғалімнің шешуге тиісті міндеттері:

2. Жаңаша ойлауға, таным және өзіндік ұйымдастыру әдістеріне оқыту;

3. Оқушыны құбылысқа тұтастай және қозғалыс кезінде қарауға үйрету;

Оқушыны өзін-өзі ұйымдастыруға үйретіп, өз бетінше өмір сүрудің нақты жолын көрсету.

Педагогикалық кәсіби мәдениетті жоғары деңгейде меңгерген мұғалім:

- ғылыми теория, гносеология, әдістеме негіздерін білуі тиіс;

- мамандықты және пәнін жақсы білуі керек;

- мұғалімнің өзінің сенетіндігін көрсететін және шығармашылық таным процесін дамытатын энергияның болуы қажет.

Педагогикалық кәсіби мәдениетті жоғары деңгейде меңгерген мұғалімге тән мінез-құлық:

- балаларды сүйе білу – ізгіліктілік қағида, мұғалімнің адами маңызды сапасы;

- баланы, адамды құрметтеу – әр адамның бойынан тұлғаны көре білу қасиеті;

- балаға, адамға сену – оқу процесіндегі жетістік кепілі, ізгіліктілік пен өзіне-өзі сенім;

- баланы, адамды білу – тұлғаның жан дүниесін білмейінше, тәрбие жүйесіз жүргізіледі;

- гуманист болу – адамды тани білу;



- баланы, адамды түсіну – оның орнына өзінді қоя біліп, қоршаған дүниені соның көзімен көре білу қабілеті;

- жеке тұлғаның рухани дүниесі мен табиғатына қамқорлықпен қарау (әрбір тұлғаның қайталанбайтын өзіндік рухани әлемі, оның тәжірибесі, әдеттері мен көзқарастары болады);

- жеке абырой сезімін сақтау және дамыту (онсыз тәрбие де, өзін-өзі тәрбиелеу де мүмкін емес);

- оқу процесінде қатысушы ретінде баланың, адамның досына айналу, оған қолдау көрсету және көмектесу (В.А. Сухомлинский бойынша);

- тұтастай ойлай білу (ондай мұғалім іс жүзінде психолог болады);

- педагогикалық еңбек мәдениетіне бағытталу – мұғалімнің тұтастай дүниетанымын қалыптастыруға бағытталу;

- тұлғаның денсаулығына, психикасына, шығармашылыққа деген ұмтылысына зиян келтірмеу;

- тұлғаның дүниені тұтастай қабылдауына көмектесу;

- екіұдай жағдайға тап болған оқушының дұрыс таңдау жасауына көмектесу;

- білім берудің биологиялық тепе-тең әдістемелері мен технологияларымен жұмыс істеу.

«Педагогикалық кәсіби мәдениет» құрылымының төрт блогы:

1) педагог тұлғасының арнайы қасиеттері мен сапалары;

2) педагогтың адамгершілік қасиеттері;

3) педагогтың кәсіптік-этикалық іс-әрекеті;

4) педагогикалық шеберлік.

1. Педагог тұлғасының арнайы қасиеттері мен сапалары:

- әрекетшілдік сапа (жауапкершілік, ар-намысшылдық, еңбексүйгіштік, нақтылық);

- рефлексивті сапа (ұқыптылық, тиянақтылық, өзіндік сыншылдық, эрудиция, білімпаздық);

- коммуникативтілік сапа (елгезектік, шыншылдық, сенімділік, ұстамдылық, талап қоя білушілік, міндеттілік);

- эмпатиялық сапа (өзара түсіністік, қайырымдылық, түсінушілік, қайғыға ортақтаса білуге қабілеттілік)

2. Педагогтың адамгершілік қасиеттері (дәлелдей білушілік, ұстамдылық, патриотизм, ұжымшылдық, тәртіпшілдік, мәдениеттілік)

3. Педагогтың кәсіптік-этикалық іс-әрекеті. Тұлғаның ерекше өмір сүру салтымен, мақсаттылығымен, арнайы қарым-қатынас жүйесін адамдарды оқыту мен тәрбиелеу саласындағы пікірлері мен жеңістерін үнемі жетілдіріп отыруға ұмтылумен сипатталады.

4. Педагогикалық шеберлік:

- пәндік білімі (кәсіптік құзырлық, арнайы кәсіби даярлығы, оқыту мен тәрбиелеудегі тәжірибесі, ғылыми біліктілігі);

- педагогикалық технология (сөйлеу мәнерінің техникасы, ойлау логикасы мен нақтылығы, талдауларының нақтылығы, бейнелі көрсетілімдері, қажетті құралдарды таңдай білу дағ-



дысы, формалары мен тәсілдері);

- педагогикалық шығармашылық (шығармашылық талдау, стандартты емес талдау, жаңа ақпараттар іздестірудегі қажеттілік, экспериментке ұмтылыс);

- педагогикалық стиль (педагогикалық нақтылық, өзінің және өзгенің әрекетін қабылдай және бағалай білу дағдысы, педагогикалық бағыттағы тіл табысу мен әрекетшілдік, педагогикалық тактика мен этика, тыңдай және тыңдата білу дағдысы, адамдардың ішкі дүниесін тануға қызығушылық).

Сонымен, болашақ мұғалімдердің кәсіби мәдениетін қалыптастыру қазіргі кезеңде кәсіби білім беру жүйесін дамытуды мазмұнды қарастыруға, кездесетін қайшылықтарды жеңуге бағытталады.

Мұғалімнің негізгі міндеті — оқушының ешкімге ұқсамайтын даралығын, шеберлігін көрсету, оны дамыту, жарыққа шығару. Сондай-ақ, балаларды оқытып қана қоймай, дұрыс тәлім-тәрбие беретін шебер тәрбиеші болуы шарт. Ал, тәрбиеші белгілі бір сыныпта оқушылардың оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырушы әрі ұстазы, ақылды кеңесшісі болып саналады және мектеп оқушыларын қоғамның белсенді және сапалы құрылысшылары етіп тәрбиелеуге ықпал жасау, жан-жақты дамуына жағдай туғызуы керек. Мұғалім мен оқушы арасында тығыз байланыс қалыптасқанда ғана бірлік одақты қызмет істейді. «Жақсы мұғалім маған әр уақыт

қымбат, өйткені ол мектептің жүрегі» деп ағартушы педагог Ыбырай Алтынсарин айтқандай, мектеп үшін ең керегі — жақсы мұғалім. Тәжірибеде әр мұғалім өзінше еңбек ететін сияқты, тіпті кейбіреуі басқадан артық еңбек етіп жүрмін деуі де мүмкін, бірақ оқушы оны жақсы мұғалім қатарына санамайды. Өйткені, ондай мұғалім оқушыға өз кәсібіне бейімділігі мен қабілеттілігін таныта алмайды. Сондықтан, оқушы мұғалімді бағалаудың өзіне тән қарапайым белгілеріне сүйеніп, мұғалімге «жақсы», «жаман» деген баға береді. Осы жағдайды болдырмау үшін мұғалім өз кәсібінің деңгейіне әсер ететін негізгі шарттарды білуі керек. Айталық, оқушылармен қарым-қатынас жасау тәсілдерін, оларға ықпал ету жолдарын, өз білімінің деңгейін көтеріп отыруды және жаңашылдық танытуды және т.б.

Қарым-қатынас дегеніміз — мұғалім мен оқушының мақсаты бір педагогикалық мәселелерді шешу кезіндегі сөз, қимыл-қозғалыс, ым арқылы бір-бірімен байланыс жасауы. Сөз — қарым-қатынастың көрінетін және дыбыстық (үндік) жағы, ал қимыл-қозғалыс — қарым-қатынастың тек көрінетін жағы. Қарым-қатынастың іштей сөйлеуге байланысты көрінбейтін жағы да болады, ол сезімге, көңіл-күйге байланысты болатын қарым-қатынас. Мұғалім оқушымен сөздік қарым-қатынас жасау кезінде әсер етудің сендіру және ұйыту, болмаса дегеніне көндіру тәсілдерін қолданады. Сендірудің сөздік түрі: әңгімелесу, үйрету, тапсырма



беру, жаттықтыру, дәріс оқу әдістері арқылы іске асады.

Бұл әдістердің тиімді болуы мұғалім үніне, ым, қимыл-қозғалысты орында пайдалануына байланысты.

Сөздік қарым-қатынас жасаудың ұйыту түрі мұғалімдер тәжірибесінде мазмұнына қарай тура жанама болып бөлінеді. Тура ұйыту – өсиет айту, әмір ету (бұйрық беру), ал жанама ұйыту – хабарлама жасау, әңгіме айту, ишарат білдіру. Ұйытудың аталған түрлерінің нәтижелі болуы, мұғалімнің ұйыту физиологиясын және ұйытуға тән ептілік пен дағдыны терең меңгеруге байланысты. Зерттеулерге қарағанда ұйыту физиологиясы түрлі тітіркендіргіштер арқылы зейінді бір объектіге шоғырландырып, бас миының қалған аймақтарын уақытша тежеу. Бұл тұста тітіркендіргіш қызметін мұғалімнің әсерлі сөзі, қимыл-қозғалысы, келбеті, үйлесімді әрекеті атқарады. Олардың доминантық (басымдылық) ықпалы болып, бас миындағы өзге қозуларды тежеп, ырықсыз зейін тудырады. Нәтижесінде оқушы мұғалімнің «арбауында» қалып ұйыйды. Егер ұйыту терең болса, онда оқушының алаңдаушылығы төмендеп, оқу материалын қабылдау көлемі жоғарылайды, тіпті оның ұсақ-түйегіне дейін мән береді. Қарым-қатынастың үнсіз (дыбыссыз) жағы ым, қимыл-қозғалыс және сезім арқылы болады. Мұғалім ым, қимыл-қозғалысты өз сөзін дәлелдеу, болмаса оқушылардың іс-әрекетін басқару кезінде жиі қолданады. Мысалы, са-

бақтың және оқу материалын түсіндіру кезінде денесін, қолын, бет-әлпетін қимылдатуы, оқушыға ескертпе жасау мақсатында көз тігуі, оқушы жауабына дұрыс дегендей бас изеп мақұлдауы, жауабына көңілі толмағанда екі иығын көтеруі т.б. Мұның бәрі мұғалімнің уақытты үнемдеуіне және оқушыларды іштей сөйлетуге, ұсынуға бейімдейді. Оқушының әрбір қимыл-қозғалыстың мәнін түсінуі, оның дамығандығының белгісі болып табылады.

Мұғалім мен оқушының сезімдік қарым-қатынасының да ерекше мәні бар. Өйткені көңіл-күйдің үйлесімділігі іс-әрекеттің нәтижелі болуының себепшісі. Көп жағдайда мұғалім оқушының көңіл-күйін ескермей, өз көңіл-күйінің жетегінде кетіп, оқыту жұмысының мақсатына жеткендей болады. Шын мәнінде оқушы мұғаліммен сезімдік жағымен үйлеспесе, ол бетіне қарсы қарап отырып-ақ, ойы басқа жақта болады. Осы жағдайды ескеріп мұғалім оқушының сезімдік үйлесімділігін оларға білдіртпей байқайды. Мысалы, оқушының бет-әлпеті, қимыл-қозғалысы, төтенше берілген сұраққа іле жауап беруі кезеңдерінде оның көңіл-күйіндегі үйлесімділікті анықтайды. Егер бұл жағдайды мұғалім ескермесе, оқушы мұғалімді тыңдамайтын, сыйламайтын болып шығады. Мұны болдырмас үшін мұғалім өз ісінің мазмұнына мән беріп және оған оқушыны үнемі қызықтырып отыруы қажет.



Знаете ли вы Государственную символику?



Н.П. ОМЕЛЬЧЕНКО,
мастер
производственного
обучения высшей
категории
группа СР-19
ГУ «Профессиональ-
ный лицей №11»
г. Рудный
Костанайской
области.

Цель: развивать самостоятельное мышление; воспитывать гражданские чувства.

Оформление: государственные символы Республики Казахстан, альбом Казахстана, карта Республики Казахстан.

Организованы книжные выставки и тематические полки:

- «Символы новой эпохи»;
- «В новый мир казахстанским путем»;
- «Вечные ценности Великой степи»;
- «Союз евразийских идей»;
- «Знакомьтесь: государственные символы».

Вся группа разделена на 4 под группы. Каждая из групп будет представлять отдельное государство. На столах перед каждым учащимся лежат листы бумаги, цветные карандаши, ват-

ман. Столы расставлены таким образом, что представляют собой своеобразный круглый стол.

Вступительное слово ведущему.

Сегодня мы будем говорить о государственной символике. Государственные символы являются неотъемлемой частью развития любого государства и отражают ту основополагающую концепцию, фундамент и каркас любого государства, который принято называть национальной идеей. Символы государства имеют собственную историю. В своем развитии они прошли долгий путь, в них был заложен глубокий смысл, их создателями двигали прекрасные и добрые идеи. Государственные символы – это Государственный Герб РК, Государственный Флаг РК, Государственный Гимн РК (рассказы подготовленные учащимися о государственных символах).

1 учащийся: Герб Казахстана имеет форму круга. В мире совершенной формой считается шар. А круг, как самый близкий к этому совершенству элемент очень ценится у кочевников. Центральным элементом является шанырак, который олицетворяет собой очаг, целостность мира и является символом первоосновы государства – семьи.



Шанырак с входящими в него лучами олицетворяет объединение многих народов. Важная часть герба — два мифологических коня, т.к. вся жизнь кочевников связана с конем. Кони как бы оберегают шанырак с двух сторон. Пятиконечная звезда использована как символ счастья, мира, знака вечности. Звезды наравне с луной и солнцем считались священными. Поэтому на нашем Гербе золотая звезда является символом высоких помыслов и зовущей за собой мечты, слово «Казахстан» вычерченное на Гербе, сложилось в результате длительного развития казахской нации. Колосья обозначают богатство Родины.

2 учащийся: Флаг Республики Казахстан голубого цвета, что символизирует единение и безоблачное небо, мир и благополучие. Золотое солнце с лучами — символизирует богатство и покой, лучи — дружбу всех народов, проживающих в стране. Парящий степной орел символизирует щедрость и зоркость, высоту помыслов.

3 учащийся: Государственный Гимн Республики Казахстан это произведение, вобравшее в себя всю глубину народного богатства, его историю, мечты, чаяния, цели и стремления. В жизни любого государства гимн играет большую роль. Он сплавляет граждан страны. Им открываются официальные встречи руководителей государств.

Ведущий:

При звуках гимна начинает взволнованно биться сердце. Спортивные болельщики решительно раскрашивают лица в «государственные» цвета. У победителей соревнований нередко наворачиваются слезы на глазах, когда вверх взмывает флаг их родной страны. Все эти проявления гордости и любви к своей Родине выражены через уважение к ее символам. Без их почитания, без знания их истории, без понимания заложенного в них смысла невозможно социальное и личностное становление гражданина Республики Казахстан.

Наш разговор будет проходить необычно.

Вы, наверное, уже обратили внимание на то, что столы стоят не так, как всегда; вы все разделены на группы. Сегодня мы с вами проводим деловую игру. Каждая группа представляет собой отдельное государство.

Вам предстоит сейчас выступить в роли государственных деятелей.

Выполнение заданий.

Задание 1.

Ведущий. Обсудите форму правления в «вашей» стране, особенности географического положения и климата, протяженность границ, наличие природных ресурсов, флору и фауну, соотношение горожан и деревенских жителей, основные занятия, культурные отличия, бытовые условия жизни. Результатом вашего обсуждения должны стать крат-



кие географические и политические справки о вашей стране с приложением географической карты с четким очертанием границ, обозначением климатических зон, указанием полезных ископаемых.

На эту работу дается 20 минут рабочего времени.

Учащиеся работают в группах.

Ведущий. Следующий этап нашей игры называется «Моё государство». По три представителя от каждой группы представляют свою страну.

Идет представление стран.

Ведущий. Но, к сожалению, ваш рассказ оказался неполным. Мы не увидели особенности «ваших» стран. Как можно это сделать? Чего не хватает в ваших представлениях?

Заслушиваются ответы учащихся.

Ведущий. Всё верно. Для более полного, точного и образного представления о стране не хватает государственной символики.

Задание 2.

Ведущий. Обсудите в группе, какие символы могли бы быть официально приняты в «вашем» государстве: придумайте герб. Флаг и возможные слова из гимна. На это задание вам дается ещё 15 минут. Хочу предупредить. Представляя результаты своей работы, вы должны объяснить, почему выбор оказался именно таким. Попробуйте рассказать о символах, а другие группы по ним могут постараться выделить особенности устройства государства.

Учащимся предлагается в помощь справочный материал.

Что обозначают некоторые символы?

Аист — обычно используется в качестве региональной эмблемы, означает очищение от скверны, охрану домашнего очага, верность, чистоту родственных чувств.

Алмаз — символ отсутствия страха, твердости сердца и жестокости решения.

Буревестник — символ революционного подъема, надвигающейся революции, а также дерзания и юношеского порыва.

Бык — символ трудолюбия, упорства, настойчивости и терпения, иногда может служить изображением нации и национального характера.

Венок — символ награды, почета, эмблема бессмертия и величия.

Весы — эмблема справедливости, аллегория правосудия.

Волк — символ хищника, свирепого врага, злости, прожорливости.

Ворота — могущество, безопасность и надежность власти.

Герб — эмблема государства, горда, рода, изображаемая на флагах, монетах, печатях, государственных и других официальных документах.

Дракон — эмблема злого чудища, сил зла, ужаса.

Замок — эмблема сохранения тайны, молчания.

Звезда — символ вечности, высоких стремлений, идеалов, путеводности, счастья.



Змея — эмблема мудрости, символ здоровья.

Золото — служит символом богатства, справедливости и великодушия.

Конь — спутник номадов.

Книга — эмблема просвещения, знания, образования.

Орел — символизирует щедрость и зоркость, высоту помыслов.

Рога — сила, мужество и храбрость.

Солнце — источник жизни и энергии

Цвет — является носителем таких понятий, как честность, безупречность и верность.

Шанырак — символ отчего дома, а в более широком понимании и мира как вселенной.

Учащиеся защищают государственную символику.

Подведение итогов.



Сүйіспеншілік жолындағы өмір



Гулим Салимовна СИСЕНОВА,
№4 жалпы орта білім беретін мектебінің «Өзін-өзі тану» пәні мұғалімі,
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары.
Ақсай қаласы,
Бөрлі ауданы,
Батыс Қазақстан облысы.

Құндылық: Дұрыс әрекет.

Қасиеттер: қамқорлық, шыншылдық, қайырымдылық.

Сабақтың мақсаты: оқушыларға сүйіспеншілік негізінде риясыз қызмет етуді түсіндіре отырып, дұрыс әрекет құндылығының мәнін ашу.

Сабақтың міндеттері:

Білімділік: «сүйіспеншілікпен өмір сүру» ұғым туралы түсінік беру;

Дамытушылық: сүйіспеншілік өмір жолындағы риясыз қызмет етуге баулу;

Ресурстар: оқулық, дәптер, мақал-мәтел, дәйексөз, маркер, ақ қағаз.



Тәрбиелік: қамқорлыққа, шыншылдыққа, қайырымдылыққа тәрбиелеу.	
Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі 5-Т ережесі: 1. Тәртіп; 2. Талап; 3. Тыныштық; 4. Тазалық; 5. Татулық. II. Жағымды күйге келу: «Нұрға бөлену».	Сазды әуен
III. Үй тапсырмасын тексеру. 30 сабақ. Джон Максвелл Кутзеевтің «Брюссель трамвайында» атты шығармасы. Сұрақтар: Трамвай кондукторының іс-әрекетінің мәні неде? Трамвай кондукторы бойынан басқа кісіге қолдау көрсетуінен қандай қасиеттерін байқадыңыз? Өмірлеріңізде сіздер де осылай риясыз жақсылық жасап көрдіңіздер ме?	
IV. Дәйексөз. «Рухани жағынан сұлу адамдар — бұлар ең алдымен бақытты адамдар» <i>В.А. Сухомлинский</i> Сұрақтар: Рухани жағынан сұлу адамдарды қалай түсінесіздер? Рухани жағынан сұлу болу үшін, адам бойында қандай қасиеттер болу қажет? Ондай адамдарды неліктен бақытты адамдар дейміз? <i>(Василий Александрович Сухомлинский «Павлыш орта мектебі, «Балаға жүрек жылуы», «Ұжымның құдіретті күші», «Мектептің жас директорымен сырласу», «Ұлыма хат», т.б. құнды еңбектері арқылы В.А. Сухомлинский жас ұрпаққа тәрбие мен білім берудің ұлы ісінің жалғастырушысы болды)</i>	<i>Көрнекті педагог Василий Александрович Сухомлинский (1918-1970) өзінің педагогикалық жүйесінде әрбір оқушының жан-жақты дамуының, дара ерекшеліктерінің, бейімділігінің, қызығушылығының, тағы басқа қабілеттерінің жетілуіне бағытталған оқу-тәрбие процесін ұйымдастырды.</i>



V. Оқиғаларды әңгімелеу (әңгімелесу)

Жүрек жақындығы (аңыз әңгіме)

Ұстаз өз шәкірттерінен сұрады:

- Неліктен адамдар жанжалдасып, айқайласады?
- Өйткені олар өздерін ұстай алмайды, - деді біреуі.
- Егер адам жанында тұрса оған айқайлаудың қажеті не? — деді Ұстаз.

Бір-бірімен жай сөйлесуге болмай ма?

Шәкірттері түрлі жауап ұсынса да, Ұстаздың көңілі толмады.

Ақыры ол былай деп түсіндірді:

- Адамдар бір-біріне көңілдері толмай, дауласқанда олардың жүректері алшақтайды. Осы қашықтықты толтыру үшін және бір-бірін есту үшін оларға айқайласуға тура келеді.

Олар қатты ашуланса, қаттырақ айқайлайды.

- Ал адамдар бір-бірін жақсы көрсе қалай болады?

Олар айқайламайды, керісінше жай сөйлеседі, өйткені олардың жүректері өте жақын болғандықтан, ара қашықтық та кішкентай.

Ал сүйіспеншілік тереңдеген сайын сыбырласудың да қажеті болмайды.

Олар бір-біріне қарағаннан-ақ сөзсіз түсініседі.

Бір-бірін жақсы көретін адамдар бірге болғанда осылай болады, - деді Ұстаз.

Сондықтан, біреумен ренжіскенде, өз жүректеріне бір-бірінен алшақтауға жол бермендер, бір-бірінің араларынды алыстататын сөздер айтпауға тырысындар.

Өйткені арақашықтық алыстағаны соншалықты, кейін қайтуға жол таба алмайтын күн тууы әбден мүмкін.

Сұрақтар:

Ұстаз өз сұрақтары арқылы шәкірттерінің бойынан қандай қасиеттерді көргісі келді?

Оқушылар әңгімелеп, жаңа тақырыптың мазмұнын талдайды.

Әпсана әңгімелер жинағынан алынды.



Ұстаздың «сүйіспеншілік тереңдеген сайын сыбырласудың да қажеті болмайды» деген сөзін сендер қалай түсінесіңдер? Адамдармен өзара түсіністік орнату үшін сіздің бойыңызға қандай қасиеттер болуы керек? Бұл әңгімеде қандай құндылық көрініс тапқан ? Өз достарыңмен немесе сыныптастарыңмен қалайша қарым-қатынас жасайсыз?	
Шығармашылық іс-әрекет. 1-топ «Қамқорлық»; 2-топ «Шыншылдық»; 3-топ «Қайырымдылық». 1-Тапсырма. Жағдаятты оқып, сұрақтарға жауап беріңдер. Атасы немересіне: - Балам, әрдайым бізді басқалар жақсы болғанымыз үшін жақсы көретіндей көрінеді. Бірақ та олай емес, бізді жақсы көрген адамдар өздері жақсы болғандықтан сүйіспеншілік танытады, - деді. Алайда немересі атасының сөзіне түсінбей ойланып қалды..... Сұрақтар: • Сендер қалай түсіндірер едіңдер? • Атайдың ойымен келісесің бе? Неліктен?	<i>Оқушылар берілген тапсырмаларды орындай отырып, өздерінің сабақта түсінгендерін кеңейтеді.</i>
2-тапсырма. «Махаббат» сөзіне ассоциация жасаңыздар. 3-тапсырма: «Сүйіспеншілік өзімнен басталады» тақырыбына эссе жазыңдар.	
VI. Үй тапсырмасы: 32-сабақ. Оқулықтағы 122-123 беттегі Әзілхан Нұршайықовтың «Жас дәурен хикаялары» атты шығармасынан үзінді.	



VII. Топпен ән айту.

«Алғыс»

Сөзін жазған: Е. Әбділда

Әнін жазған: Ж.Төлебай

Көкжиек күн сәулесін таратқанда
Бақыт бар көрінбейтін әр ақ таңда
Біз ұйықтап кеткен жоқпыз мәңгілікке
Оятқан сансыз алғыс Жаратқанға
Қалдырмас өмір атты жолда жалғыз
Барынды бағала да тәубаға түс
Жарықты сый ғып беріп, сана беріп
Жасаған жоқтан барды Аллаға алғыс

Қайырмасы:

Алғыс анаға,
Алғыс әкеге.
Алғыс жас пен кәріге
Алғыс бауырға,
Алғыс ауылға.
Алғыс елдің бәріне.

Көрінсе тіршілікте күндестерің,
Жөн болар жылы, жұмсақ тілдескенін.
Алғыс айт дұшпанды да досыңдай көр,
Оларсыз биігінді-ей білмес те едін.

Жақсы сөз жанымызды байытар тек,
Жаманның жала жауып, айтары кек.
Сағаттай сырғып жатқан дүниеде,
Алғысың алғыс болып қайтады тек.

Қайырмасы.

*Әнді ерекше көңілмен
айтып, сергиді*

VIII. Сабақтың қорытынды сәті

Баяу әуен қосылады. Көзімізді жұмып,
еркін жайғасайық. Бүгінгі сабақтан алған игі
қасиеттерімізді жүрегімізге жеткізіп, көкейімізге
түйіп алайық.
Енді жайлап көздеріңізді ашуға болады. Бүгінгі
керемет сабақ үшін сіздерге көп рахмет.

Сазды әуен

Білім кілті — Ключ знаний

журналы

Құрметті оқырман қауым!

Қолдарыңызға тиіп отырған журнал мектеп, мектепке дейінгі, арнайы, жоғары оқу орындары мұғалімдері мен оқытушыларына, жалпы оқырмандарға арналған. Журналға «Казпочта», «Ернұрпресс», «Евразия Пресс», «Эврика-пресс» арқылы жазылған тиімді.

Жазылу ай сайын жүргізіледі.

Мекен-жайымыз: 050036, Алматы қаласы, Мамыр-2, 13-7.

Индекс 75488

**Қиып
алыңыз да,
жазылыңыз!**

		Басылым индексі АБОНЕМЕНТ									
		75488									
«Білім кілті — Ключ знаний»		Комплекті саны									
2021 жылға, айлары											
қайда											
(почта индексі)		(мекен-жайы)									
кімге		(аты, жөні)									
ПВ		орны									
Тасымалдау карточкасы		75488									
Басылым индексі											
Бағасы	Жазылу мекен- жайын өзгерту	...тенге ...тенге	...тиын ...тиын	комплекті саны							
2021 жылға, айлары											
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
қайда											
қайда											
(почта индексі)						(мекен-жайы)					
кімге						(аты, жөні)					